

1. Кулонометрлік титрлеудің артықшылығы
 - A) титрлеу процесінде бір ұяшық барлық жағдайда қолданылмайды
 - B) титрлеу процесінде бөгде иондар әсерін жоюға болмайды
 - C) титрлеу процесі ақырын жүргізіледі
 - D) титрант ерітіндісі стандарттауды қажет етеді
 - E) титрлеу процесінде бөгде иондар әсерін жоюға болады
 - F) титрлеу процесі тез жүргізіледі
 - G) титрант ерітіндісі стандарттауды қажет етпейді
 - H) титрлеу процесінде барлық жағдайда бір ұяшық қолданылады
2. Тотығу-тотықсыздану реакцияларының жылдамдығын арттыратын шарттар
 - A) тотықтырғыш әсерін қолдану
 - B) константа мәнін арттыру
 - C) катализатор қолдану
 - D) температураны төмендету
 - E) химиялық активті заттар қосу
 - F) қышқылдылықты өзгерту
 - G) қыздыру
3. Сапалық мәліметті көрсететін хроматографиялық параметрлер
 - A) түзетілген ұсталу уақыты
 - B) түзетілген ұсталу көлемі
 - C) шың ауданы
 - D) шың биіктігі
 - E) шың ені
 - F) бос ұсталу уақыты
4. Экстракция процесінде кеңінен қолданылатын терминдер
 - A) реэкстрагент
 - B) экстрагент
 - C) сорбат
 - D) сорбтив
 - E) экстракт
 - F) абсорбент
 - G) сорбент
 - H) адсорбент
5. Зерттелетін қосылыс пен жарықтың әрекеттесуіне байланысты спектроскопия әдісінің жіктелуі
 - A) абсорбциялық спектроскопия
 - B) адсорбциялық спектроскопия
 - C) эмиссиялық спектроскопия
 - D) фотоэмиссиялық спектроскопия
 - E) масс спектроскопия
 - F) рентгенспектроскопия

6. Зерттелетін объект түріне байланысты талдау түрі
- A) сапалық
 - B) өндірістік
 - C) құрылымдық
 - D) функционалдық
 - E) химиялық
 - F) физикалық
 - G) сандық
 - H) криминалистік
7. Жарықты сіңірудің негізгі заңынан ауытқулардың себептері
- A) құралдық
 - B) химиялық
 - C) математикалық
 - D) түскен жарық шашырамауынан
 - E) шынайы
 - F) түскен жарық жұтылмауынан
 - G) физикалық
 - H) түскен жарық өтпеуінен
8. Газды хроматографияда қозғалатын фаза ретінде қолданылады
- A) азот
 - B) бутан
 - C) гелий
 - D) аргон
 - E) пропан
 - F) ксенон
9. Тұнбалардың пайда болу себебі
- A) тұндырғыштың табиғаты
 - B) кристалдану орталығының пайда болуы
 - C) молекулалардың тебілуі
 - D) комплекс түзілу нәтижесінде
 - E) тура жүретін реакция өнімі
 - F) тұнбаның әрі қарай тұнуы
 - G) ұрықтың пайда болмауы
 - H) пайда болған ұрықтың әрі қарай өсуі
10. Бөлу және концентрлеу әдістерінің сандық сипаттамалары
- A) бөлу дәрежесі
 - B) таралу константасы
 - C) бөлу константасы
 - D) концентрлеу коэффициенті
 - E) бөлу коэффициенті
 - F) концентрлеу дәрежесі